

«Dariya» балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының
№2 хаттамасы

Қараша 2023 жыл

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру.»
2. «Танграмм» дидактикалық ойынын қолдану әдістемесі.

Сөз алды:

Әдіскер сөз алып бұған дейін қабылданған қаулының толыққанды орындалмай жатқанын айтты және сабақтарда ойын технологиялары мен бала бастамасын қолдау әдістерін әлі де тереңдету қажет деді.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызына тоқталды. Балаларға табиғатты аялауды, жан – жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасауды ерте жастан сіңіру қажеттілігін айтты. Ойын және серуен кезінде экологиялық тәрбие элементтерін жиі қолдануды ұсынды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда «Танграмм» дидактикалық ойынын қолдану әдістемесімен таныстырды. Ол өз сөзінде «Танграмм» қытайдың көне геометриялық басқатырғыш екенін, оның 7 қарапайым фигурадан тұратынын атап өтті. Бұл ойынның мақсаты балалардың кеңістікте ойлауын, қиялын, зейінін және ұсақ моториканы дамытады, деді әдіскер. Келесі кезекте әдіскер тәрбиешілерді ойынды қалай ойнау әдісімен таныстырды.

Қаулы:

1. Барлық топ тәрбиешілері «Танграмм» логикалық ойыны мен тапсырмаларын жүйелі түрде пайдалансын.
2. Серуен кезінде балалармен экологиялық эксперименттер мен зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Жакупова Г.З.

Шамишева А.А.